



Жезқазған қаласы
№ 11 орта мектептің
бастауыш сынып мұғалімі
*Байгабулова Зинагуль
Жасынбековна*
2 Ә сынып жетекшісі
2014/2015 оқу жылы

Баяндаманың тақырыбы Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру



ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру стандарты:

қолданыстағы құжаттан айырмашылығы неде?

Қолданыстағы құжат (МЖБС ГОСО)

- Білуге негізделген (знаниецентрической) білім беру моделі;
- Білім берудің құндылықтары «Мектепте нені оқыту керек?» сұрағы аясында қаралады.



- пәндер тізімі, әр пән бойынша білім, білік және дағды қалыптастыру

Жаңа құжат Бастауыш білім беру МЖБС

- Нәтижелерге негізделген білім беру моделі;
- Білім берудің құндылықтары «Мектепте не үшін оқу керек?» сұрағы аясында қаралады.



- Күтілетін нәтижелер, кең ауқымды дағдыларды дамыту

Ұлттық жоспар

Функционалдык сауаттылық тұжырымдамасына негізделген анағұрлым танымал халықаралық бағалау зерттемелерінің бірі Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) қолдауымен өткізілетін мектеп оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың халықаралық бағдарламалары

TIMSS

PISA

PIRLS

Trends in International Mathematics and Science Study (TIMSS) - Халықаралық зерттеуі 4 және 8 - сынып оқушыларының математика мен жаратылыстанудан білім сапасын бағалайтын төртжылдық мерзіммен (1995, 1999, 2003, 2007, 2011, 2015) өткізілетін зерттеу. Зерттеуге 63 елден аса әлем елдері қатысады.

Бағдарламаны оқушылардың білім жетістіктерін бағалау бойынша Халықаралық Қауымдастығы (IEA) үйлестіреді. TIMSS (Trends in Mathematics and Science Study) зерттеуінің негізгі мақсаты, 4 және 8 - сынып оқушыларының математика мен жаратылыстану пәндері бойынша оқу жетістіктерін бағалау және басты мектепшілік және мектептен тыс білім детерминанттарын анықтау болып табылады.

Қазақстанның аталмыш жобаға қатысуы білім саласын дамытуда стратегиялық маңызға ие, әсіресе елімізде Халықаралық білім берудің көпшілікпен мақұлданған принциптеріне негізделіп құрылып жатқан 12-жылдық білім беруді енгізу аясында бағыт береді. Зерттеу нәтижесінде алған мәліметтер еліміздің білім сапасы мен әлемдік білім беру жүйесіндегі орны жөнінде ой өрбітуге мүмкіндік береді. Сонымен қоса, Қазақстанның зерттеуге қатысуы әлем елдеріндегі оқушылардың оқу жетістіктеріне қойылатын талаптар жайлы және оқулықтар, бағдарламалар бойынша күрделі аналитикалық мәліметтер алуда маңызды зор.



Programme for International Student Assessment (PISA) - Үш жылдық мерзім мен өткізілетін жалпы орта, техникалық және кәсіби білім беру ұйымдарында 15 жастағы білім алушылардың математика сауаттылығы мен оқу және жаратылыстану саласындағы сауаттылығын бағалауға арналған Халықаралық зерттеу (2000, 2003, 2006, 2009, 2012, 2015).

Жобаның әрбір кезеңінде зерттеу бағыттарының – оқу, математика немесе жаратылыстану саласының біріне басым көңіл бөлінеді (тестілеу уақытының үштен екі бөлігі). PISA зерттеуінің басты мақсаты – 15 жастағы оқушылардың қазіргі өмір талаптарына сай функционалды білім мен ептілікті игергендігін анықтау болып табылады.

Зерттеуге 65-тен астам әлем елдері қатысады. Бағдарламаны Экономикалық Ұнтымақтастық және Даму Ұйымы үйлестіреді. Қазақстанның аталмыш халықаралық зерттеуге қатысуынан, біздің оқушылардың дайындық деңгейін басқа қатысушы елдердің білім алушыларының дайындық деңгейімен салыстырмалы бағалау мәліметін алуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, Қазақстан кросс-ұлттық зерттеулерді өткізу бойынша әлемнің жетекші мамандарымен өңделетін білім сапасын бағалау саласында соңғы әлемдік жетістіктерге сәйкес әдістемелерге, оқу жетістіктерін бағалауға және зерттеу нәтижелерін талдауға қол жеткізуге мүмкіндік алады.

Progress in International Reading Literacy Study (PIRLS) - Бастауыш сынып оқушыларының мәтінді оқу және түсіну сапасын зерттеуге арналған Халықаралық жоба бесжылдық мерзіммен өткізіледі (2001, 2006, 2011, 2016).

PIRLS оқу, стратегия және оны тәжірибе жүзінде пайдалану саласында оқушылардың білім жетістіктерін бағалауға, бастауыш сынып оқушыларының оқу және мәтінді түсіну сапасы мен деңгейін салыстыруға, ұлттық білім беру жүйелерінде айырмашылықтарды анықтауға бағытталған.

PIRLS зерттеуінің басты мақсаты түрлі әлем елдері бастауыш мектеп оқушыларының мәтінді оқуы және түсіну сапасы деңгейін салыстыра бағалау болып табылады. Зерттеуге 50-ден астам әлем елдері қатысады.

PIRLS халықаралық іріктеуіне зерттеуді өткізу барысында 9,5 жасқа толған 4-сынып оқушылары кіреді. Бағдарламаны оқушылардың білім жетістігін бағалау бойынша Халықаралық Қауымдастық үйлестіреді (IEA).

2011-2020 жылдар аралығына арналған Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында Қазақстан аталмыш зерттеуге 2016 жылы қатысуды жоспарлап отыр.

TIMSS халықаралық зерттеуінің нәтижесі

Білім жетістіктерін бағалау жөніндегі халықаралық қауымдастық (IEA) және Бостон колледжіне қарасты TIMSS & PIRLS Халықаралық үйлестірушілік орталығының зерттеу нәтижесі

TIMSS – 2007 зерттеуінің нәтижесінде 4-ші сыныптар **36** елдің ішінде

- математикадан – **5** орын
- жаратылыстанудан – **11** орын

TIMSS - 2011 зерттеуінің нәтижесінде 4-ші сыныптар **50** елдің ішінде

- математикадан - **27** орын
- жаратылыстанудан – **32** орын

Осы зерттеулерде Қазақстанның PISA мен TIMSS-қа қатысу нәтижесі республикадағы жалпы білім беретін мектептер педагогтерінің мықты пәндік білім беретіндігін, бірақ оны нақты өмірдегі жағдайларда пайдалануға үйретпейтіндігін көрсеткен.

TIMSS халықаралық зерттеуінің нәтижесі

Тестілеудің дәстүрден
тыс формасы
кездеспейді

Іскерлік стиліндегі
мәтіндермен жұмыс
жасай алмайды

**Қазақстандық
оқушылардың
төмен нәтиже
көрсетуінің
себептері:**

Гуманитарлық білім
берудің диалогиялық
сипатының
жеткіліксіздігі

Жаратылыстану
сауаттылығы бойынша
алынған ақпаратты сыни
бағамдай, болжам ұсына
және айтылған
көзқарасты негіздей
алмайды

Негізгі қорытындылар мен кемшіліктерді жою бойынша ұсыныстар:

- Мазмұны және форматы әртүрлі мәтіндерді оқушылардың түсінуі мен оған рефлексия жасау қабілетімен байланысты практикалық дағдыларды қалыптастыру проблемалары орын алған. Мәтінді танымдық бағытта талқылай алу қазақстандық оқушылар үшін өзекті болып табылады.
- Отандық білім беру жүйесінде оқу түсінігі «мәтіндердің мазмұнын түсіну, оқу техникасы» деп танылады. Халықаралық тестілерде *оқу сауаттылығы* оқу барысында алған білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдана білу ептіліктері, сонымен бірге, ғылыми айғақтардың негізінде ойлануы бағаланады.
- Зерттеу нәтижесі қазақстандық оқушылардың меңгерген практикалық білімдері олардың математикалық құзыреттілікпен қарулануына жеткіліксіз екендігін көрсетті.
- Мектептегі білім -түлектерді өмір сүруге бейімдеу мақсатында және халықаралық стандарттар талаптарының деңгейінде қол жеткізбейді. Оның себебі, мектеп курсының академиялық сипаты, ол оқыту мазмұнының практикалық бағытына ерекше назардың бөлінбеуіне әкеліп соқты.
- Жаңа жағдайда бақылау формалары мен бақылау-бағалау нормаларын жүргізу, педагогикалық өлшеуіштердің құралдарына бірыңғай талаптар жасалу қажет.

Айырмашылығы неде?

Қазіргі мектеп:

- Оқыту нәтижелері: оқушылардың оқу жетістіктері негізінен репродуктивті сипатқа ие.
- Шынайы оқу үрдісі жеделдетумен сипатталады: барлық пән бойынша үлкен көлемдегі дайын ақпаратты «беріп үлгеру» керек
- Оқушы – оқу үрдісінің нысаны, мұғалім – ақпарат беруші.

Жаңарту аясындағы бастауыш мектеп:

- Оқыту нәтижелері : оқу жетістіктері продуктивті сипатқа ие (біледі, түсінеді, пайдаланады, талдайды, жасайды).
- Шынайы оқу үрдісі оқушылардың әр сабақта білім «өндіру» үшін өздерінің белсенді іс-әрекетімен сипатталады.
- Оқушы – өз танымының субъектісі, мұғалім – оқушылардың танымдық іс-әрекетін ұйымдастырушы.

Функционалдық сауаттылықтың нақты қағидалары

1. Таңдау қабілеттілігі және әр түрлі әдістерді қолдануға қабілеттіліктің болуы.
2. Проблеманы көре білу және оны шеше білу.
3. Өмір бойы оқуға бейімділік.

1. Кестеде Күннің Күн жүйесінің төрт планетасымен ара қашықтығы келтірілген. Осы планеталардың қайсысы Күнге ең жақын орналасқан?


- А) Жер
- Ә) Марс
- Б) Меркурий
- В) Сатурн

Жауабы : _____

	Жер	Марс	Меркурий	Сатурн
Күннен шамамен алғанда ара қашықтығы (млн. км)	150	230	58	1 400

Суретте тікбұрыштан және үшбұрыштан құрастырылған фигура бейнеленген. Ұшбұрыштың барлық үш жағы тең. AB жағының ұзындығы неге тең?

- а) 8 см
- ә) 9 см
- б) 10 см
- в) 11 см



- Дәрігер ауруға дәрі жазып берді. Ол 2 сағат ішінде жарты сағат сайын дәрі ішуі керек. Ауру қанша дәрі ішуі керек?

Жауабы: _____

I нұсқа

1. Дұрыс жазылған сөзді тап:

- а) ұуақыт
- ә) уақыт
- б) ыуақыт

2. Буынға дұрыс бөлінген сөзді тап:

- а) ой-ын-шық
- ә) о-йын-шық
- б) ойы-ншық

3. Қайсысы дұрыс тасымалданған?

- а) о-рын-дық
- ә) орынд-ық
- б) орын-дық

4. Дауыссыз у әрпі бар сөзді көрсет.

- а) ауыл
- ә) туып
- б) тасу

5. Қатаң дауыссыз дыбыстарды белгіле

- а) к , қ, т, с, п, ч, щ, ш, ф, х, ц, һ.
- ә) б, в, г, ғ, д, ж, з.
- б) л, м, н, ң, р, й.

Білімнің нәтижелерін функционалдық сауаттылық түрінде анықтауға мүмкіндік беретін негізгі құзыреттіліктер



PAXMET !

